

ӘОЖ 325.1 (4-13)

Ж.Қ. Идрышева*, Б.М. Балаубаева

Халықаралық қатынастар факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*E-mail: idryshevaz@mail.ru

Мұсылман миграциясы мәселесі және Оңтүстік Еуропа мемлекеттерінің саясаты

Бұл мақалада Оңтүстік Еуропа мемлекеттерінің мұсылман көші-қон үдерісі мәселесі және оны реттеуге байланысты саясаты қарастырылған. Оңтүстік Еуропадағы мұсылман көші-қон үдерісіне тарихи шолу негізінде қазіргі таңда орын алып отырған мұсылман көші-қон мәселесі негізгі назарға алынады. Еуропа – иммигранттар үшін тартымды орталықтардың бірі. Оңтүстік Еуропадағы мұсылман миграциясы мәселесі араб әлеміндегі көтерілістерден кейін жаңа күшке ие болды. «Араб көктемі» миграция толқынына алып келді. Әрине, бірінші кезекте Италия, Грекия, Испания елдері Африкаға жақын орналасуына байланысты жапа шекті. Иммигранттар мемлекеттердің сыртқы, ішкі өміріне тікелей әсер етеді. Иммигранттардың келуін шектеуде Оңтүстік Еуропаның миграцияны қадағалау жүйесі әлсіз. Ал еуропалық одақтың иммиграцияға қатысты біртұтас саясаты әлі қалыптаспады. Бұл мәселе бірлікті қажет етеді. Кез келген мәселеге қатысты шешім қабылдауда Еуропа бірлесе, бұл бүкіл Еуропаның жарқын болашағының кепілі болмақ.

Түйін сөздер: миграция, иммиграция, мұсылман көші-қоны, иммиграциялық саясат, Оңтүстік Еуропа, «араб көктемі», еуропалық одақ.

Zh. Idrysheva, B. Balaubayeva

Muslim migration problem and politics of south Europe countries

The article discusses problems of Muslim migration to countries of South Europe and their politics of migration regulation. Based on historical review of Muslim migration processes to South Europe the current situation in this sphere is studied. Europe is known as one of the most attractive migration centers. Muslim migration problems has dramatically intensified in result of series of Arab uprisings. “Arab spring” caused new migration wave. Thus, its impact seriously affected such countries as Italy, Greece and Spain due to their proximity to Africa. Migrants directly change foreign and interior policy of these countries. Migration control system of South Europe countries demonstrated its weakness whilst European common migration policy has not developed yet. Resolution of the problem requires common approach. European unanimity can guarantee successful future of EU.

Key words: migration, immigration, Muslim immigration, migration policy, South Europe, “Arab spring”, European Union.

Ж.Қ. Идрышева, Б.М. Балаубаева

Проблема мусульманской миграции и политика государств Южной Европы

В данной статье рассматриваются проблемы процессов мусульманской миграции в страны Южной Европы и политика их регулирования. На основе исторического обзора процессов мусульманской иммиграции в страны Южной Европы исследуются данные процессы на современном этапе. Европа является одним из наиболее привлекательных центров миграции. Проблема мусульманской иммиграции в Южную Европу значительно усилилась после серии восстаний в арабских странах. «Арабская весна» породила новую волну миграции. Естественно, основной урон пришелся на Италию, Грецию и Испанию вследствие их близости к Африке. Иммигранты оказывают прямое воздействие на внешнюю и внутреннюю политику государств. Система миграционного контроля государств Южной Европы продемонстрировала слабость в сфере ограничения притока иммигрантов. А единая иммиграционная политика Европейского Союза еще не сформировалась. Решение данной проблемы требует единого подхода. Только единство Европы по любому кругу вопросов может гарантировать успешное будущее ЕС.

Ключевые слова: миграция, иммиграция, мусульманская иммиграция, иммиграционная политика, Южная Европа, «арабская весна», Европейский Союз.

Еуропа – иммигранттар үшін тартымды орталықтардың бірі. Еуропалық одақ елдерінде барлығы 23 млн мұсылман диаспорасы бар және олардың саны жылдан-жылға ұлғаюда. Миграция әсерінен Еуропаның қазіргі кезде күрделі жағдайды бастан кешіріп жатқаны анық байқалады. Мұсылмандар миграциясы мәселесіне тап болған Еуропада елеулі өзгерістер орын алды. Бұл Еуропа тарихындағы ең ауқымды өзгерістердің бірі деп айтса болады.

Қазіргі замандағы миграциялық үдерістердің тарихи тамыры түп тереңнен бастау алады. Ислам діні Оңтүстік Еуропа елдеріне ерте келген. Еуропаның ислам дінімен жақын танысуы сонау IX ғасырда басталды. Мың жылдан астам уақыт бұрын исламдық Испаниядан басқа Сицилия аралында араб-ислам өркениеті орнады. Ерте кезде Италия территориясында Барий, Сицилия әмірліктері, Испания жерінде Кордоба халифаты өмір сүрген. Әрине, ол аймақтың мәдениетінде, ғылымында өзіндік ізін қалдырып, дамуына өз үлесін қосты. Бұған Палермо және басқа да қалалардағы әсем архитектуралық ескерткіштер, Сицилия мұражайындағы монументтер, ірі кітпаханаларындағы кітаптар мен қолжазбалар дәлел бола алады. Сицилия әмірлігі Еуропадағы ең көркем экономикалық, мәдени дамыған аймақтардың бірі болды. Еуропада оның әсемдігі бойынша теңдесі ретінде тек Испанияны айтуға болады. Сицилия, Испания арабтардың басқару кезінде Англия және басқа да Солтүстік Еуропа елдерімен салыстырғанда әлдеқайда алда болды. Арабтар билігі қысқа мерзімді болғанымен, Оңтүстік Еуропа елдерінің мәдениетіне едәуір әсер еткені, тіпті, бүгінгі күнде де анық байқалады. Араб-ислам өркениеті аймақтың дамуына қомақты үлес қосқаны сөзсіз. Экономика, ауылшаруашылығы, медицина саласына, архитектурада ислам мәдениетінің ықпалы болды.

Оңтүстік Еуропадағы мұсылман көші-қонының екінші кезеңі XX ғасырдың 70-жылдарынан басталды. Франция, Германия сынды Еуропаның алпауыт мемлекеттері иммигранттардың келуіне тыйым салғаннан кейін иммигранттар Оңтүстік Еуропаға бет алды. Көп жылдар бойы эмиграция елі болған Италия, Испанияның енді иммиграция еліне айналуы жаңа құбылыс болды. Оңтүстік Еуропаға мұсылман мигранттарының келуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, географиялық орналасуы бойынша Оңтүстік Еуропа мен Африка көршілес болып табылады. Екіншіден,

мың жыл бұрын осы аймақта арабтар билік етіп, мәдениетінде әлі күнге дейін сақталған өзіндік ізін қалдырды. Италия, Испания, Грекия – көптеген ғасыр тарихын сақтап отырған, өнер мен ғылым орталығы болған ғажайып мемлекеттер. Тарихы бай, мол мұраға ие Италияда қазіргі таңда 1,5 млн, Испанияда 2 млн, Грекияда 1,2 млн мұсылман бар және олардың саны барған сайын көбеюде. Италиядағы мұсылмандарды көбіне Эритрея, Ливия, Сомали, Марокко, Албания, Тунис, Сенегал, Египеттен келген мигранттар құрайды. Ал Испанияға иммигранттар Марокко, Сирия, Ливан, Ирак, Бангладеш, Үндістан және Пәкістаннан қоныс аударады. Иммигранттар көбіне төменгі квалификациялы жұмыстарда істейді [1].

Оңтүстік Еуропадағы мұсылман миграциясы мәселесі араб әлеміндегі көтерілістерден кейін жаңа күшке ие болды. 2010 жылы Тунисте бастау алған бұл көтерілістер бүкіл араб әлемінде жағдайды өзгертіп қойған жоқ, сонымен қатар Еуропаға тікелей әсер етті. «Араб көктемі» миграция толқынына алып келді. Мыңдаған босқындар пана іздеп Еуропаға ағылды. Бұл онсыз да дағдарысты бастан кешіріп отырған Еуропа үшін ауыр соққы болды. Әрине, бірінші кезекте Италия, Грекия, Испания елдері Африкаға жақын орналасуына байланысты жапа шекті.

Италия мен Испанияға Магриб елдері халықтарының қоныстануы келесідей факторлармен байланысты: 1) географиялық орналасу; 2) мемлекеттердің саясаты 3) экономиканың көлеңкелі секторының дамуы 4) қара жұмыс күшіне сұраныстың жоғары болуы.

Мигранттарды қабылдау және олардың бейімделуі мемлекеттердің алдында бұл мәселені құқықтық реттеуге байланысты нақты міндеттер қояды. Иммиграциялық саясат бойынша Еуропалық мемлекеттер ішінде Францияның тәжірибесі мол. Иммиграциялық саясаты 1889 жылы алғашқы заңның шығуынан бастап қазіргі кезге дейін бірнеше кезеңдерден өтті. Иммигранттарды қабылдауға қатысты француз заңнамасында он шақты акті бар. Ал Испания, Италияда 1980 жылдардың аяғына дейін иммиграциялық заңнамасында нақты жүйе болмады, өйткені үлкен иммиграциялық ағындардың жоқ болуынан аса қажеттілік те тұтындамады.

Иммиграция мәселесінде Италия өзінің географиялық орналасуының тұтқынына айналды. Африка жағалауына, Балқан түбегі мен

Шығыс Еуропа елдеріне жақын болуы көп жылдар бойы миграциялық үдерістердің сипатын және Италияға келушілердің этникалық құрамын айқындаған.

Миграциялық үдерістердің қарқынына Жерорта теңіз аймағындағы тұрақсыздық жағдайы әсер еткен болатын. Сол аймақ елдеріндегі саяси өзгерістер босқындар мен мигранттардың жаппай келуіне алып келеді. 2010-2011 жылы араб әлемінде орын алған түбегейлі өзгерістер осыған нақты дәлел бола алады. 1990 жылдары Италия жаппай заңсыз миграцияға тап болуы жиі қайталанып тұрды. Бұл итальяндықтар мен иммигранттардың қарым-қатынасының өзгеруіне тікелей әсер етті. Мұнда мемлекеттің де, қоғамның да жаппай иммиграцияға дайын болмағанын атап өткен жөн. Мигранттарды жіберуші елдермен Италияның визалық келісімі болмаған. Оған қоса 1986 жылға дейін мемлекетте иммигранттардың келуін реттейтін заңдардың болмауынан бірқатар қиындықтар туындады. 1970-1980 жылдары Италиядағы заңсыз иммигранттар саны 1,5 миллионға жетті [2].

1980 жылдардың ортасына дейін Италия территориясындағы шетелдік азаматтардың жағдайы «нәсілі, тілі, діні, саяси көзқарасы, әлеуметтік жағдайына қарамастан азаматтық құқықтары мен еркіндіктерін» сақтауға кепілдік беретін Конституция (3-бап) негізінде анықталды. Ал шетелдік азаматтардың мәртебесі Конституцияның 10-бабы бойынша, «халықаралық құқық нормалары мен халықаралық келісімдерге сәйкес реттеліп отырады».

Мемлекетке жұмыс күшінің ағылып келуіне байланысты үкімет миграцияны реттеу жүйесін қалыптастыруға ұмтылды. 1981 жылы Италия халықаралық еңбек ұйымының (МОТ) заңсыз миграция туралы конвенциясына қосылды. Еңбек министрлігі шетелдік жұмыс күшіне бақылауды қатандатуды қарастыратын заң жобасын жасады.

1986 жылы 30 желтоқсанда Италияда иммиграцияны реттейтін алғашқы заң пайда болды (№973 Заң) [3]. Заң жобасы социалист Б. Кракси бастамасымен жасалынды. Сол кездері Аппенин түбегінде иммиграциялық ағындар қарқынды жүріп жатқандықтан, нақты заңдардың қажеттігі ерекше байқалды. Еңбек мигранттары Италия азаматтарымен бірдей құқыққа ие болуды қалады.

Сондықтан иммиграция бойынша арнайы ұлттық және облыстық кеңестер құрылды, от-

басылармен бірігу, мемлекетке кіру, заңсыз келгендерді заңдастыру процедуралары жасалды.

Бірақ 1990 жылдан бастап, Шығыс Еуропадан және басқа да аймақтардан Италияға мигранттар көптеп келе бастағандықтан, Италияда №39 заң (Мартелли заңы) қабылданды. Иммиграцияны бақылау бойынша шаралар енгізу, мигранттардың бір бөлігін қайтару, виза тәртібін орнату, елге кіруге квота жасау заңның негізгі бағыттарына айналды. Бірақ оған қоса Италия елдегі заңсыз иммигранттардың санын азайту мақсатында миграциялық амнистия саясатын жалғастыра берді. Мигранттар ағымының ұлғаюына байланысты № 489 (1995 ж.) Дини декреті қабылданды [4].

1970-1980 жылдары Италияның саяси элитасы иммигранттардың келуіне жақсы көзқараспен қарады. Африкадан келген иммигранттарды қабылдау арқылы үшінші әлем елдеріне көмек көрсеткілері келді. Бірақ қазіргі кезде саясаткерлер мен сарапшылар Италияны иммигранттарға «ашу» арқылы олар Италия болашағы туралы ойланбағанын мойындайды. Л.Турко (1996-1998 жылдары Романо Проди үкіметінде әлеуметтік министрлікті басқарған, 1998 жылғы иммиграциялық заң авторларының бірі) «Corriere della Sera» газетіне берген сұхбатта 1990 жылдары иммигранттарды қабылдау қателік болғанын айта отырып, иммигранттар ағынын реттеуді заң жүзінде қатандату керектігі жөнінде мәлімдеді [5].

Италия қоғамы иммигранттарды қабылдауға қарсы болды. Итальяндықтар арасында ксенофобия байқала бастады. Кейбір сарапшылардың пікірінше, ол бірнеше себептерге байланысты туындауы мүмкін. Біріншіден, Италияның оқшаулануымен, оның Франция, Ұлыбритания, Испания мемлекеттеріне қарағанда отарларымен қарым-қатынас жасау тәжірибесінің болмағандығымен түсіндіреді. Екіншіден, 1980 жылдары Италия үкіметі иммигранттарды қабылдағанымен байланысты.

Қоғамдағы иммигранттарға қарсы көзқарас толқынында Италияның саяси аренасында антииммигранттық мәлімдемелермен шыққан партиялар мен қозғалыстардың позициясы нығая түсті. Соның ішінде Солтүстік Лигасы мен Ұлттық альянстың кейбір өкілдері иммиграцияны қауіпсіздікке, әлеуметтік ұлттық, мәдени, діни біртектілігінің жойылуына ықпал ететін қауіп деп қабылдады және мемлекетті

иммигранттарға жауып тастауын талап етеді. Аз уақыт ішінде ғана бұл партиялардың өз электораты қалыптасты. 1987 жылғы сайлауда Солтүстік Лигасы дауыстың тек 0,5%-ын жинаса, 1992 ж. – 8,6%, 1994 ж. – 8,4% және 1996 ж. – 10,1% дауысты иеленді.

Ұлттық альянс та 1990 жылдардағы парламенттік сайлауларда ірі жетістіктерге жетті: 1992 жылы партияға сайлаушылардың 5,4%-ы, 1994 жылы 13,5%-ы, 1996 жылы 15,7%-ы дауыс берді [6]. 1994, 2001 және 2008 жылдары екі партия Сильвио Берлусконидің «Алға, Италия» қозғалысымен, кейіннен «Еркіндік халқы» партиясымен ынтымақтаса отырып, парламенттік сайлауда жеңіске жетті. Солтүстік Лигасының төрағасы У. Босси мен Ұлттық альянстың жетекшісі Дж.Фини Берлусконидің үкіметіне кіріп, 2001 жылы Парламент арқылы өте қатаң иммиграциялық Заң жобасын жасады.

Сөйтіп, Италияның ішкі саяси жағдайларының өзгеруіне байланысты 2002 жылы «Босси-Фини заңы» қабылданды. Бұл еуропалық одақтағы ең қатаң заңдардың бірі деп танылды. Заңға сәйкес, Италияда иммиграциялық полиция енгізілді, депортациялау инфрақұрылымы құрылды, заңсыз иммигранттардың еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілерге жауапкершілік қатаңдатылды. Осындай шараларды қолдану нәтижесінде иммигранттар саны күрт төмендеді. Италияда 2012 жылы 16 шілдеде №109 заң ресми түрде күшіне енді. Заң бойынша, заңсыз иммигранттарды жұмысқа қабылдаушыларға қатаң шаралар қолдану көзделуде. Сонымен қатар жұмыс істеуге рұқсаты жоқ иммигранттарға да санкциялар қолданылады.

Италияда саяси баспана беру мәселесі Женева конвенциясы (1951 жыл), босқын мәртебесін беру жөніндегі Нью-Йорк хаттамасы (1967 жыл), Италия республикасының Конституциясы (1947 жыл 22 желтоқсан), Шенген келісімі, Дублин конвенциясына сай реттеліп отырады. Италияда діни, нәсілдік, ұлттық белгілері, саяси көзқарастары бойынша өз елінде қудаланған тұлғаларға баспана беріледі. Босқын мәртебесін беру туралы шешімді босқын мәртебесін беру мәселелері бойынша Орталық комиссия қабылдайды. Босқындардың жұмысқа орналасуға құқығы бар, оған қоса білім беру мен денсаулық сақтаудың ұлттық жүйелерін еркін қолдана алады. Италияда бес жыл өмір сүріп, жұмыс істеген жағдайда босқын мәртебесіндегі тұлғалар азаматтық алуға өтініш бере алады.

2011 жылдың басында Солтүстік Африкадағы мемлекеттердегі халық толқуларының әсерінен Жерорта теңізі арқылы Еуропаға заңсыз иммигранттар толқыны келді. Бірінші кезекте, бұл оқиға Италия жағдайына тікелей әсер етті. Атап айтқанда, босқындар Италияның Лампедуза аралына қаптап келді.

Италия үкіметінің жағдайды жақсарту мақсатында қолданған шараларының ішінде Тунис пен Италия арасындағы Солтүстік Африкадан келетін заңсыз мигранттармен күресу туралы келісімді атап өтуге болады. Бұл келісімде қауіпсіздік саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту, заңсыз мигранттарды депортациялау механизмдерін жеңілдету, Тунис шекараларында бақылауды күшейту қарастырылған.

Сонымен қатар иммигранттарға байланысты туындаған жағдайды жақсарту үшін Италия Тунис эмигранттарына уақытша рұқсат қағазын беру туралы шешім қабылдаған. Ал Тунис азаматтары Еуропалық Одақтың Шенген аймағына кіретін мемлекеттеріне баратынын мәлімдеді. Тунистіктердің басым бөлігі бірінші кезекте Францияға баруды көздейді. Алайда Париж Италиядан келген иммигранттарды қабылдаудан бас тартты. С. Берлускони босқындарды батыл іс-әрекеттерге көшу керектігін айта отырып, 48-60 сағатта босқындарды депортациялау туралы ұсыныс жасады. Өкінішке орай, бұл әрекеттер толығымен орындалмады, алайда Берлускони Тунис пен Ливиядан келген мыңға жуық иммигранттарды қайтару арқылы аралдағы жағдайды сәл де болса тұрақтандырды.

Ал кейінгі жылдардағы Испания және Италияның иммиграциялық заңдары негізінен ұқсас болды. Жалпы, 1990 жылдардың алғашқы жартысы Испания, Италия, Португалияға мигранттардың жаппай келуімен ерекшеленеді. Сол кездегі заңды және заңсыз миграцияны реттеуге бағытталған шаралар осы мемлекеттер үкіметтерінің сол жағдайға жауабы болды.

Испанияда шетелдіктер мен иммигранттар мәселесіне арналған алғашқы заң 1985 жылы қабылданды. Сол кездердегі ережелерді ЕЭҚ нормаларымен сәйкестендіруді көздеген. Себебі осы кезде испан билігі еуропалық қауымдастыққа мүше болуға ұмтылған.

1994 жылы Испанияда иммигранттарды интеграциялаудың алғашқы жоспары жасалды. Бұл осы бағытта жасалған Испанияның алғашқы қадамы болды. Кейіннен 1998 жылы

қабылданған № 40 (Турко-Наполитанозаңы) заңның негізінде заңсыз миграциямен күресу шаралары, оларды депортациялау болғанымен, иммигранттардың құқықтары да қарастырылған. Иммигранттардың дініне, мәдени болмысына сыйластық көрсету қағидалары, заңсыз иммигранттарға амнистия сақталды.

Жаңа азаматтарды интеграциялау идеясы бойынша Италия, Испания қоғамында енді ғана алғашқы қадамдар жасалса, Францияда осы мәселеге қатысты саясат ұзақ уақыт бойы жүргізіліп келген. Нәтижесінде «интеграцияның француз моделі» 1990 жылдардың басында нақты қалыптасқан. Сол кездегі министр М. Рокар Франция азаматтарына «интеграциялану міндеті» (француз мәдениетін, құндылықтарын, демократиясын қабылдау) туралы мәлімдеме жасаған. Иммиграциялық заңнамалардың кейінгі дамуы мемлекеттегі түрлі ішкі саяси жағдайларға, биліктің ауысып тұруына, қоғамдық пікірге байланысты өзгеріп тұрды.

2000 жылы «Испаниядағы шетелдіктердің құқықтары мен еркіндіктері және олардың әлеуметтік интеграциялануы туралы Заң» қабылданды. Бұл заң бойынша иммигранттардың кең мүмкіндіктерге ие болғаны соншалықты, тіпті, олардың жағдайы, құқықтары, мүмкіндіктері жергілікті халықпен бірдей болды. Иммигранттарға тегін заңдық және медициналық көмек көрсетіліп отырды, балалары білім алды. Олардың саяси құқықтары да қарастырылған, яғни ереуілге шығуға, жиналыстар өткізуге, кәсіподақтар құруға құқықтары болды. Сонымен қатар заңсыз иммигранттарға да көңіл бөлінді: Мемлекетте бес жыл тұрғандар автоматты түрде тіркеле алды. Бұл заң еуропалық одақта ең либералды деп танылды. Бірақ кейіннен барлық заңдар өзгеріске ұшырап, қатаңдатылды. Иммигранттардың саяси құқықтарын қысқартты, әлеуметтік қорғаудан тек медициналық көмек көрсету қалды және мемлекетке кіруге үміткерлерге қатаң талаптар қойылды [7].

Франция мен Испанияның эмиграция елдерімен экономикалық және мәдени ынтымақтастыққа бағытталған саясаты ұқсас болып келеді. Екі мемлекет те Үшінші әлем елдеріндегі жағдайды жақсарту арқылы халықтың қоныс аударуын тоқтататуды көздеді. Испания үкіметі Африка елдерінде жұмыс орындарын көбейтіп, еңбек жағдайларын жақсартуға көңіл бөледі. Ал Франция бұл мәселеге

кеңінен қарайды: өз университеттеріне Африкадан келген жастарды қабылдайды және өз мемлекеттерінде кәсіпорындар ашуға ұмтылған жастардың ұсыныстарына қолдау көрсетеді. Саркози ұсынысымен африкалық кәсіпорындарды дамытуға бағытталған инвестициялық қор (250 млн) ашылды. Тағы бір жоба бойынша Мароккодағы 1000 орта және кіші өнеркәсіптерге көмек көрсету жоспарланған [8].

Ал Португалия ұлттық иммиграциялық заңнамасын жасауға кейінірек кірісе бастады. 1990 жылдың басына дейін иммигранттар негізінен өзінің бұрынғы отарларынан келетін. Бірақ 90-жылдардың басында Еуропадағы миграциялық жағдай өзгерді және бұл мемлекетке иммигранттар әртүрлі аймақтардан келе бастады. 1992 жылдан бастап Португалияда заңсыз келгендерді заңдастыра бастады. 1992 жылдан бастап 2003 жылға дейін заңдық мәртебені 250 мың иммигрант алған. Мемлекетте шетелдіктерді интеграциялауға және бейімдеуге нақты іс-әрекеттер жасала бастады. Бұл мақсатта мәдениетаралық білім беру бағдарламаларының координациялық орталығы (1991 ж.) және Иммиграция және этникалық азшылық істері бойынша жоғарғы комиссариат (1996 ж.) құрылды. Иммигранттардың үлкен ағымына тап болған Португалия үкіметі енді мемлекетке кірем деушілерді мемлекеттің экономикалық қажеттіліктерін ескере отырып таңдау туралы шешім қабылдады.

Грекияның Ішкі істер министрлігі азаматтық беруге байланысты мораторий жариялады. Алайда бұл шешімді қолдамағандар да болғандықтан, мемлекетте келіспеушіліктер болды. Заң министрі Антоним Рупакьотис бұл ойды жақтамайтынын айтса, солшыл партия жетекшілер бұл әрекетті «заңсыз деп» тапты. 2012 жылы тамызда Грекияның миграциялық саясаты институтының (IMEPO) президенті Александрос Завос еуропалық шекаралық агенттік Frontex көмек көрсетуіне қарамастан, Грекия Түркиямен шекарасынан келетін мигранттар ағынын тоқтата алмайды.

1980 жылдары уақытша құбылыс болған иммиграция Оңтүстік Еуропа елдерінің тұрақты факторына айналды. Иммиграция үдерісі экономикалық, әлеуметтік салаға ғана емес, сонымен қатар елдің саяси, қоғамдық, мәдени өміріне де ықпал ете бастады.

Араб әлеміндегі түбегейлі өзгерістер еуропалық одаққа нағыз сын болды. Еуропалық

одақтың мүше-мемлекеттерінде босқындар ағынына қатысты біртұтас позицияның әлі де қалыптаспауы миграциялық мәселені толыққанды шешуге кедергі келтіреді. Бұл жағдайда еуропалық одаққа бірлік, ынтымақтастық аса қажет. Тек сонда ғана мындаған босқындардың келу қаупіне төтеп беруге болады. Иммигра-

ция еуропалық одақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді, соның негізінде қабылдаушы мемлекеттердің иммиграциялық саясатын анықтайды. Дұрыс иммиграциялық саясат жүргізу арқылы иммиграцияны қабылдаушы мемлекеттердің экономикалық дамуының тиімді факторына айналдыруға болады.

Әдебиеттер

- 1 Галкина Е.В. «Особенности миграционных процессов в странах Южной Европы в 80-90-х годах XX века». http://rspu.edu.ru/pageloader.php?pagename=/structure/publishing_centre/collections_of_works/conf4/galkina
- 2 Muslims feel like victims. The West feels guilty. Is the world going mad? // The Times. - 2006. - 1 September.
- 3 Bidar A., Manifest pour un Islam europeen// Le Monde. – 2005. – 14 février.
- 4 Morici M. Espulsioni: la Bossi - Fini è cartastracciata<http://blog.panorama.it/italia/2011/03/07/espulsioni-la-bossi-fini-e-carta-straccia/>
- 5 Прожогина С.В. Литература франкоязычных магрибинцев о драме североафриканской диаспоры// Диаспоры. – 2005. – №4. – С. 100-137.
- 6 Amendments to draft opinions - Committees AFET_AM(2007)386329. Plocy priorities in the field against illegal immigration of third-country nationals//<http://europe.eu/documents/parliament>
- 7 Животовская И. Г. Италия на пути к мультиэтническому обществу: Проблемы и поиск решений// Актуальные проблемы Европы. – 2011. – № 4. – С. 166-192
- 8 Кожановский А.Н., Любарг М.К. Франция и Испания: иммиграционная политика на рубеже XX-XXI вв. – М., 2009. – С. 19.

References

- 1 Galkina E.V. Osobennostimigracionnyhprozessov v stranahYunoiEvropy v 80-90-h godah XX veka.http://rspu.edu.ru/pageloader.php?pagename=/structure/publishing_centre/collections_of_works/conf4/galkina
- 2 Muslims feel like victims. The West feels guilty. Is the world going mad? // The Times. – 2006. – 1 September.
- 3 Bidar A., Manifest pour un Islam europeen// Le Monde. – 2005. – 14 février.
- 4 Morici M. Espulsioni: la Bossi - Fini è cartastracciata<http://blog.panorama.it/italia/2011/03/07/espulsioni-la-bossi-fini-e-carta-straccia/>
- 5 Progozhina S.V. Literaturafrankoyazyshnyhmagribinzev o draveseveroafrikanskoidiaspory // Diaspory. – 2005. – №4. – S. 100-137.
- 6 Amendments to draft opinions - Committees AFET_AM(2007)386329. Plocy priorities in the field against illegal immigration of third-country nationals//<http://europe.eu/documents/parliament>
- 7 Zhivotovskaiya I.G. Italiyanaputi k multietnisheskomuobshestvu: problemIpoiskreshenii // AktualniyproblemEvropy. – 2011. – №4. – S. 166-192.
- 8 Kozhanovskii A.N., Lyubart M.K. Franziya I Ispaniya: immigrazionnaiyapolitikanapubezhe XX-XXI vv. – М., 2009. – S.19.